

**"Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау Ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы №
644 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 14 сәуірдегі № 188 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 сәуірде № 6927 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 15 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.01.12 № 15 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 135-1-бабының негізінде «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енуіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау Ережелерін бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 644 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6709 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 1 қаңтардағы № 1 (26403) және «Казахстанская правда» газеттерінде 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 2 (26423) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) аталған бұйрықпен бекітілген Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережелерінің (100.00 нысан):

1 – тармағында:

үшінші абзац алып тасталсын;

төртінші абзац «Салық кодексінің 134–бабының» деген сөздерден кейін «1–тармағының» деген сөздермен толықтырылсын;

мына редакциядағы жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

«Салық кодексінің 134–бабының 2–тармағында көрсетілген табыстар бойынша Салық кодексінің 135–1–бабының 1–тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген және Салық кодексінің 134–бабының 1–тармағының тиісті шарттарына сай келетін білім берудің автономдық ұйымдарын;

Салық кодексінің 135–1–бабының 1–тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларында

көрсетілген және Салық кодексінің 135-бабының тиісті шарттарына сай келетін білім берудің автономдық ұйымдарын;»;

2) аталған бұйрықпен бекітілген Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесінде (130.00-нысан):

1-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«1. Осы Ережелер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Д е к л а р а ц и я н ы :

акционерлік қоғамдарды, мекемелер мен пәтер (үй-жайлар) иелерінің тұтыну кооперативтерінен басқа, Салық кодексінің 134-бабының 2-тармағында көрсетілген табыстар бойынша Салық кодексінің 134-бабының 1-тармағының тиісті шарттарына сай келетін коммерциялық емес ұйымдар;

Салық кодексінің 134-бабының 2-тармағында көрсетілген табыстар бойынша Салық кодексінің 135-1-бабының 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген және Салық кодексінің 134-бабының 1-тармағының тиісті шарттарына сай келетін білім берудің автономдық ұйымдар жасайды.»;

3) аталған бұйрықпен бекітілген Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесінде 140.00-нысан):

1-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«1. Осы ережелер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Д е к л а р а ц и я н ы :

Салық кодексінің 135-бабының тиісті шарттарына сай келетін, әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар;

Салық кодексінің 135-1-бабының 1-тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген және Салық кодексінің 135-бабының тиісті шарттарына сай келетін білім берудің автономдық ұйымдары жасайды.»;

4) аталған бұйрықпен бекітілген 100.00, 101.01, 101.02, 200.00, 210.00, 300.00, 851.00 нысандарының салық есептілігін жасау ережелерінің мәтіндеріндегі « ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші, заңды тұлғалар» деген сөздердің алдында «акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін,» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин

Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Қаржы министрі

*Қазақстан Республикасының
Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК